



Ақсу өңірі

Газет 1934 жылғы
1 қазаннан шығады

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

№2 (10 308)

16 қаңтар

жұма

2026 жыл

aksuoniri@mail.ru

АҚОРДА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМАҒА ҚАТЫСТЫ ТҮСІП ЖАТҚАН ҰСЫНЫСТАРМЕН ТАНЫСТЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қаринмен және Президенттің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ержан Жиенбаевпен Парламенттік реформа бойынша кезекті жұмыс кеңесін өткізді.

Ерлан Қарин Мемлекет басшысына Жұмыс тобының 9 қаңтарда өткен отырысында болашақ бір палаталы Парламенттің мәртебесін, өкілеттіктері мен функцияларын анықтауға, сондай-ақ, биліктің басқа да тармақтарымен өзара іс-қимылына қатысты тәсілдер әзірленгенін айтты. 15 қаңтарға жоспарланған келесі отырыста жаңа Парламенттің басты мемлекеттік институттардың қызметін қамтамасыз ету өкілеттіктері талқыланады.

Ержан Жиенбаев Мемлекет басшысын конституциялық реформаға қатысты



Жұмыс тобы мүшелері мен жұртшылықтан келіп түскен жаңа ұсыныстармен таныстырды.

Президент барлық пікір мен бастаманы ескеру қажет екенін атап өтті. Сондай-ақ конституциялық реформа бойынша түпкілікті шешімді ел азаматтары жалпыұлттық референдумда қабылдайтынын мәлімдеді.

Сонымен қатар кездесуде Ұлттық құрылтайдың Қызылорда қаласында өтетін бесінші отырысына дайындық мәселесі қаралды. Мемлекет басшысы Құрылтай отырысын өткізуді осы жылдың 20 қаңтарына белгілеп, алдағы маңызды іс-шараны ұйымдастыру және оған тыңғылықты әзірлену жөнінде нақты тапсырма берді.

ОЛЖАС БЕКТЕНОВ ЭНЕРГИЯ ТАПШЫЛЫҒЫ ПРОБЛЕМАСЫН ШЕШУ ҮШІН ЖАҢА ҚУАТТАРДЫ ГЕНЕРАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ЖИЫН ӨТКІЗДІ

Премьер-министр Олжас Бектенов электр энергетикасы саласын дамыту мәселелері бойынша жиын өткізді. Оған Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр, «Самұрық-Қазына» ҰАҚ АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов, Премьер-министрдің орынбасары – Үкімет Аппаратының басшысы Ғалымжан Қойшыбаев, Премьер-министрдің орынбасары – ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин, энергетика министрі Ерлан Аққенженов, «Самұрық-Энерго» және «KEGOC» ұлттық энергетика компанияларының басшылары Қайрат Мақсұтов пен Нәби Айтжанов қатысты.

Жиында Энергетика министрлігі, «Самұрық - Энерго», KEGOC және энергия өндіруші ұйымдардың Президенттің «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында қойылған міндеттер шеңберінде жүргізіп жатқан ағымдағы инфрақұрылымды жаңғырту және жаңа қуаттарды генерациялау жөніндегі жұмыстарының қарқыны қаралды.

Энергетика министрлігі ауқымды инвестициялық жоспарды жүзеге асырудың практикалық кезеңіне көшуде. Бүгінгі таңда жалпы инвестиция көлемі 13 трлн теңгеден асатын және жалпы қуаты 15,3 ГВт болатын 81 жоба бойынша жұмыстар жүргізілуде. Іске қосылып жатқан жобалардың едәуір бөлігі электр қуаты нарығының тетігі арқылы жеке инвестицияларды тікелей тарту есебінен жүзеге асырылуда.

Ерлан Аққенженов алдағы үш жылда негізінен реттеу қуатының тапшылығын жабуға және Бірыңғай энергетикалық жүйенің икемділігін арттыруға бағытталған маневрлі генерация сегментін іске қосу жоспарланып отырғанын баяндады.

«Қазіргі жұмыс жүргізіліп жатқан нысандарды іске қосу 2027 жылдың бірінші тоқсанының соңына қарай экономиканың электр энергиясына деген қажеттілігін толығымен жабуға және



Қазақстанды энергиядан тапшылық көріп отырған елдер қатарынан шығаруға мүмкіндік береді. 2029 жылға қарай электр энергиясының да, реттеу қуатының да тұрақты профицитіне қол жеткізілімек, бұл еліміздің экспорттық әлеуетін арттыруға жағдай туғызады», — деді энергетика министрі Ерлан Аққенженов.

Жалпы, 2035 жылға дейін қосымша 26 ГВт-тан астам қуат өндіру көздері іске қосылатын болады.

Жиында «Самұрық-Энерго» АҚ басқарма төрағасы Қайрат Мақсұтов пен «KEGOC» АҚ басқарма төрағасы Нәби Айтжанов баяндама жасады.

Премьер-министр энергетикалық жобаларды жүзеге асыру кезінде мерзімдерін кейінге ысыру практикасын сынға алды.

«Президент энергетикада тиісті динамика жоқ екенін бірнеше мәрте айттып келеді. Сондықтан, барлықтарыңыз барынша күш жұмылдыруларыңыз керек. Барлық жоспарланған жобалар белгіленген мерзімде жүзеге асырылуы

тиіс. Ешқандай үзілістер, ығысулар болмауы керек. Министр, «Самұрық-Энерго» және KEGOC басшылары, сіздер әрбір нысан үшін тікелей жауаптысыздар. Сіздердің жұмыс орындарыңыз – кабинеттерде емес, құрылыс алаңдарында», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Энергетика министрлігінің мәліметінше, 2025 жылы 124,6 млрд кВтсағ тұтыну деңгейінде электр энергиясын өндіру 123,1 млрд кВтсағ-қа жетті. Бір жыл ішінде жалпы белгіленген қуат 25,3 ГВт-тан 26,7 ГВт-қа дейін өсті. Генерацияның негізгі көздері бұрынғысынша көмір стансалары болып қала береді (51,4%), алайда газ генерациясының үлесі (25,6%) мен ЖЭК (13,5%) те өсуде.

Соңғы екі жылда нарықты ырықтандыру нәтижесінде күрделі жөндеуге 902 млрд теңге тартылды, бұл технологиялық ереже бұзу санын 27%-ға төмендетуге және 9 ЖЭО-ны «қызыл» аймақтан шығаруға мүмкіндік берді. Бұл ретте компаниялардың

иелеріне дивиденд төленген жоқ. Барлық қаражат тек қана станса жабдықтарын реконструкциялауға және жаңартуға кері инвестициялануда. Бұл активтерді жаңарту жобаларының пулын арттыруға және генерация секторына нақты капиталдың келуін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысының тапсырмалары шеңберінде таза көмір технологиялары негізінде көмір генерациясын дамыту перспективалары қаралды. Бүгінгі таңда мердігерлер анықталып, стратегиялық маңызды нысандарды жүзеге асыру басталды. Олардың қатарында Екібастұз ГРЭС-3 (2 640 МВт), Курчатов қаласындағы жаңа станса (700 МВт), сондай-ақ Көкшетау (240 МВт), Семей (360 МВт) және Өскемен (360 МВт) қалаларындағы жылу электр орталықтары бар.

Желілік инфрақұрылымды дамытуға қатысты «KEGOC» АҚ-ның Оңтүстік аймақ желісін күшейту бойынша жұмыстар жүргізілуде, яғни ұзындығы 475 шақырым «Шу – Жамбыл – Шымкент» (500 кВ) әуе электр тарту желісі тартылуда. Сондай-ақ ұзындығы 604,3 шақырым болатын «Өлке – Қарабатан» (500 кВ)

әуе желісін салуды көздейтін Батыс Қазақстан энергожүйесін ЕЭЖ елдерімен біріктіру жобасы жүзеге асырылуда. Екі жоба да кестеге сәйкес жүргізілуде, 2027 жылы аяқталады деп жоспарланып отыр.

Компания 2035 жылға дейінгі ұзақмерзімді перспективада 6 659 шақырым жаңа 220-500 кВ желісін іске қосуды және 10 591 шақырым желіні реконструкциялауды жоспарлап отыр. Бүгінгі таңда ұлттық электр желісіне 83 қосалқы станса мен жалпы ұзындығы 27,9 мың шақырым болатын 398 әуе желісі кіреді, трансформаторлардың жалпы қуаты – 38 893,6 МВА.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның жобалар портфелінде 2035 жылға дейін жаңа қуаттарды іске қосу жоспары 7,4 ГВт-ты құрайды. Негізгі жобалардың қатарында 2026 жылдың қазан айында іске қосылатын Алматы ЖЭО-2-ны жаңғырту, сондай-ақ Екібастұз ГРЭС-2 стансасын 2028 жылдың қазан айында 3-ші блогын және 2030 жылдың қазан айында 4-ші блогын іске қоса отырып, кеңейту және реконструкциялау жұмыстары бар.

ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ: Жетісу облысы инвестиция тарту жоспарын орындауда республикада 4-ші орында



Өткен жылы Жетісу облысының экономикасына 610,9 млрд. теңге инвестиция тартылып, жоспар 106,5% орындалды. Бұл – республикада жоспардың орындалуы бойынша 4-ші көрсеткіш. Аталған соманың 434,8 млрд. теңгесі бюджеттен тыс инвестициялар, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының мәліметіне қарағанда, 2025 жылдың қорытындысы бойынша 1 мыңға жуық жұмыс орнын құрған 25 жоба іске асырылды. Бұл жобалар ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, көлік және логистика, «жасыл» энергетика, туризм және басқа да салаларда қолға алынған. Бұл ретте былтыр өңірде шағын және орта бизнесі қолдауға 5,9 млрд. теңге бағытталды. Іске асырылып жатқан мемлекеттік қолдау шараларының арқасында 2025 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша облыста 63 мыңнан астам шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істейді, бұл 2024 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 4%-ға артық. Осы орайда шағын және орта бизнес өңірдегі халықты жұмыспен қамтудың негізгі көздерінің бірі болып қала бермек.

Мәселен, өткен жылдың соңында Талдықорғанда іске қосылған жаңа нысандардың бірі электр жабдықтарына арналған бөлшектер шығаратын кәсіпорынды атап өтуге болады. Бұл жобада 40-қа жуық жұмыс орны құрылған, 1 млрд. теңгеден астам инвестиция тартылған.

- Біздің кәсіпорында 100-ге жуық өнім түрі өндіріледі. Қосымша корпустар салу, номенклатураны кеңейту және жаңа нарықтарға шығу жоспарланып отыр. Мұнда жобалау, сызбаларды әзірлеу, бөлшектерді жасау, құрастыру және сапаны бақылау сияқты барлық кезеңдер бір нысанда атқарылады. Станоктарымыз әмбебап, оларды энергетика саласында сұранысқа ие кез келген өнімді шығару үшін қайта пішіндеуге болады. Бұл ретте біз «ТАТЭК» АҚ-мен белсенді түрде ынтымақтаса жұмыс істейміз, - деп атап өтті зауыт директоры Дәулет Әубәкіров.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Фотографтар:
Дмитрий ЕРОФЕЕВ,
Женіс ЫСҚАБАЙ.

Жетісуда жылы сайын 800-дей бала оңалту орталықтарында арнайы емдік шаралар қабылдайды

Жетісу облысында балаларды оңалту қызметімен айналысатын 9 мекеме бар, онда жыл сайын 1,5 жастан 18 жасқа дейінгі шамамен 800-дей бала оңалтудан өтеді. Осындай оңалту орталықтарының бірі – атқа міну арқылы ерекше қажеттіліктері бар балаларды оңалтуды жүзеге асыратын өңірдегі әзірге жалғыз Иппотерапия орталығы, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Атап өтсек, Иппотерапия орталығы «Мерей» балаларды оңалту орталығының базасында ашылған. «Мерей» орталығына облыс әкімінің Панфилов ауданы Жаркент қаласындағы бұрынғы резиденциясы арнайы бейімделініп беріліп, жөндеу жұмыстары жүргізіліп, орталық қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған болатын. Иппотерапиядан басқа орталықта 1,5 жастан 18 жасқа дейінгі балалар сегіз бағыт бойынша сауықтыру емін алады, мұнда 55 адам жұмыс істейді. Қазіргі уақытта мекемеде 40 бала оңалту шараларын қабылдауда. Соның ішінде тірек-қимыл аппараты бұзылған және жүйке жүйесінің жұмысында жеңіл ауытқулары бар балалар да бар. Оларға бассейн, физиотерапия, емдік дене шынықтыру, массаж және гидромассаж кабинеттері, емдеу кабинеті, тұз шахтасы, еңбек терапиясы кабинеті және т.б. қарастырылған. Мекеменің балаларды тасымалдауға арналған автобусы бар.

- Бүгінгі күні «Мерей» орталығында 40 бала болса, соның 33-і иппотерапия сабақтарына қатысады. Осы бір жыл ішінде 7 баланың жағдайы жақсарғаны байқалды, яғни үш баланың психоэмоционалдық көңіл күйі тұрақталды, төрт баланың тірек-қимыл жүйесінің жұмысы жақсарды. Жалпы, жылқының балаларға беретін жақсы энергиясы көп. Балаларды оңалтумен арнайы дайындықтан өткен екі жаттықтырушы

айналысады. Дәрігердің ұсыныстарына қарай сабақтар аптасына 2-3 рет ауданы 400 шаршы метр болатын арнайы салынған жабық аренада өткізіледі. Иппотерапия аяққа тұруға, жүруді жақсартуға көмектеседі, арқа бұлшық еттерін күшейтеді, вестибулярлық аппаратты жаттықтырады, жалпы денсаулықты жақсартумен қатар баланың дамуына оң әсер етеді, - дейді «Мерей» балаларды оңалту орталығы директорының орынбасары Ардақ Бақытқызы.

Иппотерапия сабақтарына қатысатын Хадиджаның анасы өз пікірін білдірді:

- Қызым 6 жаста, Даун синдромы бар. Біз «Мерей» орталығына бірнеше жыл бойы бардық, онда иппотерапия сабақтары өткізіле бастағанда қатты қуандық. Сабақтан кейін балам жағымды эмоцияларын білдіріп, өзін бақытты сезінеді. Жылқымен байланыс балаға физикалық жағынан ғана емес, эмоционалды тұрғыда да пайдалы. Алғашқы сабақтардан бастап-ақ қызымның көңіл-күйі жақсарып, сабырлы бола түскенін, бойында сенімділік пайда болып, қызығушылық таныта бастағанын байқадым. Мамандарға бар ықылас-пейілдерімен жұмыс істейтіні үшін шын жүректен алғысымды білдіремін, - деді Ажарбуви Имерова.

Тағы бір ем алушы Мадиярдың анасы да орталық жұмысына риза. Мадиярдың орталықтан ем алып жүргеніне екі жылдан астам уақыт болған.

- Иппотерапия көп көмектесті. Мадияр атқа мінуді өте жақсы көреді, көңіл күйі бірден жақсарады. Иппотерапияға дейін Мадиярдың аяқ-қолы әлсіз болды, тепе-теңдігін ұстай алмайтын. Қазір аяқ-қолдарының бұлшық еттері нығайды, аяғын баса алатын болды, - деді Мақпал Өскенбаева.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Баланың денсаулығына қамқорлық алғашқы емханаға барар алдында басталады. Алдын алудың негізгі және тиімді құралдарының бірі — уақтылы және ғылыми негізделген вакцинация.

Өмірдің алғашқы жылдарында баланың денесі инфекцияларға әсіресе осал болады. Егер ересек адамда ауру жеңіл түрде жүруі мүмкін болса, онда нәрестеде ол ауыр асқынуларға — жүйке жүйесінің зақымдалуына, мүгедектікке және тіпті өлімге әкелуі мүмкін. Қызылша, көкжөтел, сіреспе және полиомиелит сияқты инфекциялар нәрестелер үшін ең үлкен қауіп болып табылады.

Бүгінгі таңда медициналық қоғамдастықта вакциналардың тиімділігі мен қауіпсіздігі туралы нақты дәлелдер бар. Вакцинацияның арқасында айтарлықтай қысқартуға және бірқатар ауруларға байланысты олардың таралуын толығымен тоқтатуға мүмкіндік туды. Бұл инфекциялар жақында балалар өлімінің негізгі себептерінің бірі және өмір бойы ауыр зардаптардың бірі болды.

ДДҰ мәліметтері бойынша, вакцинация жыл сайын 3 миллионнан 5 миллионға дейін өлімнің алдын алады және денсаулық сақтаудың ең сенімді құралдарының бірі болып қала береді.

Барлық вакциналар көп сатылы сапаны тексеруден өтеді және

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

ВАКЦИНАЦИЯ - ӨМІРДІҢ АЛҒАШҚЫ КҮНДЕРІНЕН БАСТАП ДЕНСАУЛЫҚТЫ СЕНІМДІ ҚОРҒАУ



әр кезеңде — өндірістен бастап қолдануға дейін қатаң бақылауда болады.

Соңғы үш онжылдықта балаларды иммундау жөніндегі тиімді ұлттық саясаттың арқасында эпидемиялық паротитпен - 100 еседен астам, А вирустық гепатитпен - 32 еседен астам, "В" вирустық гепатитпен - 92 есе, қызылшамен және қызамықпен сырқаттанушылықты 90% - дан астам төмендету байқалды.

Бүгінде ата-аналардың өмірінің алғашқы айларынан бастап баласын қорғауға мүмкіндігі бар. Бұл жай ғана медициналық шара емес-бұл бүкіл отбасының ұзақ мерзімді денсаулығына, тұрақты дамуына және қауіпсіздігіне қосқан үлесі.

ДЕРЕККӨЗ: ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ РЕСМИ САЙТЫ.

ВАКЦИНАЦИЯ - МЕМЛЕКЕТ ЕСЕБІНЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН АЛДЫН АЛУ ШАРАСЫ

АЛ АУРУҒА ШАЛДЫҚАН ЖАҒДАЙДА ЕМЕДІ МЕН ОҢАЛУ ОТБАСЫҒА САЛМАҚ ТҮСІРУ МҮМКІН.



БАЛАЛАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ ҮШІН ДҰРЫС ТАҢДАУ ЖАСАҢЫЗ!

ЕМДЕУДІҢ ҚҰНЫ

- АУРУХАНАҒА ЖАТУ
- ҰЗАҚ ЕМ АЛУ
- ОҢАЛТУ КЕЗЕҢІ
- ҚАЙТЫМСЫЗ САЛДАР ҚАУІПІ

ПРОФИЛАКТИКАНЫҢ ҚҰНЫ

ӘРБІР БАЛАНЫ ВАКЦИНАЦИЯЛАУҒА МЕМЛЕКЕТ 76 199,36 ТҰНГЕ БӨЛЕДІ

БҮЛ ҚАРАЖАТ БАЛАЛАР АРАСЫНДА ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАРДАН ҚОРҒАНУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ

ЕКПЕДЕН БАС ТАРТУДЫҢ ҚАУІПІ

- 1 КИШІКӨТБЕЛ** - нәрестелер арасында өлім-жітім 80%-ға дейін жетуі мүмкін
- 1 ҚЫЗМАТША** - мезгіл зақим етектегі жараны (панкреатит)
- 1 ДИФТЕРИЯ** - тыныс алу буындарынан салдануы мүмкін
- 1 ҚЫЗМАТША** - жұқтырған адамның, қатты балаға ұянып кетуі тәуір
- 1 СІРСПЕ** - нәрестелердің 80%-ға жуығы өлімге ұшырайды
- 1 ПОЛИОМИЕЛИТ** - өмір бойы аяқ-қолдың салдануына әкеледі
- 1 ПАРТОТИТ** - ұл балаларда жыныс бездерін зақимдайды
- 1 ГЕПАТИТ** - бауыр шарбыны аяқ қатпары және аяқтары зақимдайды

ҰЛТТЫҚ ЕКПЕ КҮНТІЗБЕСІ



ВАКЦИНАЦИЯ НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?

- құрылты жұқпалы аурулардың алдын алады
- ауыр асқынулар мен мүгедектік қауіпін азайтады
- ең алғаш топтарды қорғай отырып, ұжымдық иммунитет қалыптастырады
- халықтың және экономиканың тұрақты дамуына үлес қосады



Мәжіліс депутаттары Сарыөзек ауылындағы әскери бөлімнің қызметімен танысты



Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары жұмыс сапары аясында Жетісу облысы Сарыөзек ауылында орналасқан 12740 әскери бөлімге барды. Сапар барысында халық қалаулылары әскери бөлімнің күнделікті қызметімен, жеке құрамның дайындық деңгейімен және материалдық - техникалық базасымен танысты.

Депутаттар әскери техникалардың жай-күйін көріп, олардың пайдалану ерекшеліктері жөнінде жауапты мамандардың баяндамаларын тыңдады.

Сонымен қатар сарбаздардың тұрмыстық жағдайына ерекше көңіл бөлініп, казармалар, асхана және әлеуметтік нысандар тексерілді. Әскери бөлім басшылығы депутаттарға жеке құрамды даярлау жүйесі, жауынгерлік дайындық, сондай-ақ әскери қызметшілерге жасалған әлеуметтік қолдау шаралары туралы толық ақпарат берді.

Сапар барысында Мәжіліс депутаты Болат Керімбек әскери қызметшілердің ел қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі рөліне тоқталып, төмендегідей пікір білдірді:

«Қарулы Күштердің әлеуеті – мемлекеттің қауіпсіздігі мен тұрақтылығының негізгі тірегі. Сарыөзек ауылындағы 12740 әскери бөлімінде жасалып жатқан жұмыстар, сарбаздардың дайындық деңгейі мен тұрмыстық жағдайы талапқа сай. Мұндай кездесулер бізге әскери саладағы өзекті мәселелерді көзбен көріп, заңнамалық деңгейде қолдау көрсетуге мүмкіндік береді», – деді Болат Керімбек. Өз кезегінде Руслан Қожасбаев та әскери бөлімде атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағасын беріп, әскери қызметшілердің әлеуметтік жағдайын одан әрі жақсарту бағытында Мәжіліс тарапынан тиісті қолдау көрсетілетінін атап өтті.

МӘЖІЛІС ДЕПУТАТТАРЫ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДА АВТОКӨЛІККЕ АРНАЛҒАН ӨРТ СӨНДІРУ ДЕПО КЕШЕНІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



Бүгін Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары Руслан Қожасбаев пен Болат Керімбек «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында Талдықорған қаласында салынып жатқан автокөлікке арналған өрт сөндіру депо кешенінің құрылыс барысымен танысты.

Жұмыс сапары барысында депутаттар нысанның қазіргі жағдайын көзбен көріп, құрылыс жұмыстарының кезең-кезеңімен жүзеге асырылуымен танысты. Қазіргі таңда нысанда ғимараттың сыртқы қаптамасын металл кассеталармен қаптау жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар инженерлік желілерді тарту және ішкі әрлеу жұмыстарына дайындық шаралары қолға алынған.

Аталған өрт сөндіру депо кешені қала аумағындағы өрт қауіпсіздігін күшейтуге, төтенше жағдайлар кезінде жедел әрекет ету мүмкіндігін арттыруға бағытталған маңызды инфрақұрылымдық

нысан болып табылады. Кешен пайдалануға берілген жағдайда, заманауи техникалармен жабдықталып, арнайы автокөліктерді орналастыруға және өрт сөндіру қызметкерлерінің тиімді жұмыс істеуіне толық мүмкіндік жасалады.

Депутаттар құрылыс жұмыстарын сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқтаудың маңыздылығына тоқталып, жауапты мекемелерге бақылауды күшейтуді тапсырды. Сондай-ақ, нысанның халық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі рөлі ерекше екенін атап өтті.

Айта кетейік, аталған жоба «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасында белгіленген азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өңірлік инфрақұрылымды дамыту бағытындағы нақты міндеттерді іске асыру аясында жүзеге асырылуда.

Жангүл ЕРБОЛАТҚЫЗЫ,
аудандық партия филиалының консультанты.

СЕНАТ ТӨРАҒАСЫ: ПРЕЗИДЕНТТІҢ ПАРЛАМЕНТТІК РЕФОРМАСЫ ЦИФРЛЫҚ ДЕМОКРАТИЯНЫҢ ОЗЫҚ ҮЛГІСІ БОЛУҒА ТИІС

Өкілді билікті цифрлық трансформациялау – Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың толық цифрлық мемлекет құруға арналған стратегиялық бағдарының ажырамас бөлігі. Бұл туралы Сенат Төрағасының парламенттік реформа және еліміздің саяси институттарының болашағы туралы «Реформалардың мәні – 5: Ықпалды Парламент» атты жаңа мақаласында айтылды.

Мәулен Әшімбаев жаңарған Парламент Мемлекет басшысының стратегиялық ұстанымы мен технологиялық дәуірдің сын-қатерлеріне сәйкес келетінін және Әділетті Қазақстанның жаңа келбетінің басты элементі әрі цифрлық демократияның үлгісі болуға тиіс екенін атап өтті.

«Электронды Парламенттердің жаһандық тәжірибесінде жалпыға ортақ логика қарастырылады. Енді Парламенттер отырыс залы ғана болып қалмайды. Олар деректер, цифрлық технологиялар мен саяси жауаптылық қосылған күрделі экожүйеге айналуға тиіс. Өкілді етудің сапасы депутаттық мандаттың санымен ғана өлшенбейді. Ол қоғамның сұраныстарына жауап беру жылдамдығымен, шешімдердің ашықтығымен,



ақпараттың қолжетімділігімен және Парламенттің заң формуласының тілінде ғана емес, азаматтардың тілінде жұмыс істеу қажеттілігімен таразыланады», – дейді Сенат Төрағасы.

Мәулен Әшімбаевтың айтуынша, цифрлық платформалар мен талдау құралдарын пайдалану жаңа Парламентке қоғаммен тұрақты пікірлесу тұрғысында тың мүмкіндіктер береді. Сондай-ақ ауқымды деректерді талдау және қабылданатын шешімдердің салдарын бағамдау арқылы заң шығару сапасын арттырады.

«Мемлекет басшысы дамудың жаңа кезеңіндегі маңызды мақсаттардың бірі ретінде Қазақстанды алдағы үш жылда жаппай цифрлық елге айналдыруды міндет етіп белгілеп берді. Президентіміз атап өткендей, еліміз болашақта әлемде қандай орынға ие болатыны осыған байланысты. Сондықтан жаңа біртұтас Парламент өзінің қоғамдық мәртебесі жағынан цифрлық демократияның өзегі әрі озық үлгісі болуға тиіс», – деп атап өтті Мәулен Әшімбаев.

СЕНАТ ТӨРАҒАСЫ: ПАРЛАМЕНТТІҢ ЖАҢА САПАСЫ – ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ КЕЗЕҢІ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаевтың «Реформалардың мәні – 5: Ықпалды Парламент» атты жаңа мақаласында болашақ Парламенттің институционалдық келбетіне ерекше мән берілген. Парламенттік реформа – жай ғана форманың өзгеруі емес, бүкіл мемлекеттік билік жүйесінің негізгі тірек конструкцияларының бірін нығайту екені баса айтылады.

Автордың пікірінше, парламенттік реформаның сәтті болуы жаңартылған өкілді орган жұмысының тетіктері қаншалықты дәл құрылатынына байланысты.

«Жаңа модель Қазақстандағы парламентаризм философиясын өзгертеді. Парламент бұдан былай тек заң шығарушы орган ретінде ғана қалмайды. Ол халықтың үні естілетін, қоғамның сұранысын түсінетін және мемлекеттік дамудың жаңа мазмұнын қалыптастыратын қоғамдық диалог орталығына айналуға тиіс. Жалпы алғанда, XXI ғасырдың кәсіби Парламенті көппартиялы, ықшам, жоғары технологиялы және қоғам өмірінің тыныс-тіршілігімен біте қайнасқан болуы керек», – дейді Мәулен Әшімбаев.

Сенат Төрағасы атап өткендей, бірпалаталы Парламентке көшу жағдайында мықты комитеттер жүйесінің рөлі түбегейлі артады. Оның пікірінше, салалық комитеттер кәсіби сараптама мен саяси жауапкершілік орталықтарына айналуға тиіс. Олардың парламенттік тыңдаулар мен тексерулерден бастап, атқарушы биліктің қызметіне жүйелі бақылау жасауға дейінгі кеңейтілген өкілеттіктері болуы қажет.

Мәулен Әшімбаев болашақ Парламенттің өңірлердің мүддесін ескеретін функциясын сақтау мен күшейтуді жаңа архитектураның маңызды элементі ретінде қарастырады. Осыған байланысты Парламент жанынан Өңірлер кеңесін құру ұсынылады. Бұл кеңес мәслихаттар, қоғамдық құрылымдар және ұлттық заң шығарушы орган арасындағы тікелей әрі жүйелі байланысты қамтамасыз етпек.

Парламенттік реформаның логикасы туралы айта келе, Сенат Төрағасы Мемлекет басшысы ұсынған жоғары өкілді органды бәсекелестікке негізделген пропорционалды негізде қалыптастыруға көшу елдің бүкіл саяси жүйесіндегі кешенді өзгерістерге жол ашатынын атап өтті.

«Жоғары өкілді органды бәсекеге қабілетті пропорционалды негізде қалыптастыру домино эсеріне алып келеді. Көппартиялы Парламент эсеріне мүдделерін барынша толық әрі тиімді қорғаудың алғышарттары қалыптастырады. Партиялар дауыс алу үшін анық саяси өкілдігі жоқ әртүрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін нақты бағдарламаларға біріктіруге мәжбүр болады. Өз сайлаушыларын ұстап қалу үшін партиялар тұрақты кері байланыс арналарын: жергілікті бөлімшелерді, қоғамдық қабылдау бөлмелерін, ұсыныстар жинауға арналған онлайн-платформаларды құратын болады», – деп атап өтті Мәулен Әшімбаев.

СЕНАТ ТӨРАҒАСЫ: БІРІККЕН ПАРЛАМЕНТ – ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТІРЕГІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бір палаталы Парламентке көшу туралы бастамасы саяси ауқымды реформалардың заңды жалғасы. Ол келе жатқан әділетті және теңгерімді билік құрылымы жөніндегі сұранысына толық жауап береді. Бұл туралы Сенат Төрағасының «Реформалардың мәні – 5: Ықпалды Парламент» атты жаңа мақаласында айтылды.

Мәулен Әшімбаевтың айтуынша, билікті орталықсыздандыру және қоғамның саяси субъектілігінің артуы жағдайында өкілді билік тармағының тұрақтандыру функциясы жаңа сапаны та-

лап етеді. Сенат пен Мәжілістің әлеуетін бірыңғай Парламентке біріктіру, шын мәнінде, ықпалды заң шығару органын құруға мүмкіндік береді және ол атқарушы билікке тепе-тең тиімді әрекет ету мен барлық әлеуметтік топтың мүддесін қорғауға жол ашады.

Мақалада Мемлекет басшысы ұсынған пропорционалды негізде қалыптасатын бірпалаталы Парламент моделі саяси партиялардың дамуына, жаңа көшбасшылардың пайда болуына және көппартиялы бәсекелестік ортаның қалыптасуына тың серпін беретініне баса ерекше назар аударылған. Палата Спикері атап өткендей, қуатты, өкілдікке

ие және саяси ықпалы бар Парламент арқылы ғана Әділетті Қазақстанға қарай батыл қадам басуға болады.

«Өкілді биліктің тұрақтандыру функциясы бүгінде қос палатаның әлеуетін бір пәрменді күшке жұмылдырып, Қазақстан халқының барлық әлеуметтік тобының пікірін тұтас білдіретін бір палаталы Парламентке біріктіруді талап етеді. Бұл – атқарушы билікке ықпалды теңгерім болатын қадам. Халық – парламенттік реформаның негізін қалаушы. Өйткені бұл жолы өзгерістің басты тапсырыс берушісі бұрынғыдай билік емес, халық болып отыр», – деп атап өтті Мәулен Әшімбаев.

АУЫЛ БОЛАШАҒЫНА АШЫЛҒАН АҚ ЕСІК

Салтанатты рәсімнің ең әсерлі сәті – ұстаздар, қонақтар және оқушылардың қатысуымен өткен лента қию рәсімі болды. Бұл – ауыл балалары үшін жаңа мүмкіндіктерге бастар жолдың ашылғанын білдірген ерекше сәт еді.

Мектеп директоры Жамбы Біржанова қонақтарға үш қабатты заманауи ғимаратты таныстырып, білім ордасының мүмкіндіктеріне тоқталды.

– Жаңа мектеп – жаңа серпін. Оқимын деген шәкіртке де, үйретемін деген ұстазға да барлық жағдай жасалған. Басты мақсатымыз – ел болашағы болатын саналы, білімді ұрпақ тәрбиелеу, – деді ол.

Жаңа мектепте 11 пәндік кабинет, 2 шеберхана, кітапхана, зертханалар, спорт және акт залдары, кең асхана бар. Қазіргі таңда 53 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылған. Сондай-ақ, 25 балаға арналған мектепке дейінгі шағын орталық толық күндік режимде жұмыс істей бастады. Бұл – ата-аналар үшін үлкен қолдау.

Жаңа білім ордасының игілігін алғаш сезініп отырған ұстаздар да, ата-аналар да, оқушылар да ризашылықтарын жасырмады.

Солардың бірі – химия, биология пәнінің мұғалімі Жалғасбек МҰХТАРҰЛЫ:

– Еңбек жолымды агротехникалық колледжде бастадым. Соңғы екі жылда осы мектепте қызмет етіп келемін. Бұрын оқушыларымыз үш ғасырлық тарихы бар ескі микроскоппен жұмыс істесе, қазір заманауи құралдармен түрлі зертханалық жұмыстар орындап жүр. Ғаламтормен, сумен толық қамтамасыз етілген зертханалық кабинетте қажетті жабдықтың бәрі бар. Мұндай жағдай пәнді терең меңгеруге, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуға үлкен мүмкіндік береді, – десе.

Ауыл тұрғыны Шынар ӨБДІКӨРІМОВА:

– Ұлым биыл 7-сыныпта оқиды. Бұрынғы мектеп ескі болатын, барған сайын көңіліміз түсетін. Қазір еңкейген



Мектеп – ауылдың жүрегі, елдің ертеңін айқындайтын қасиетті орда. Қай заманда да ауылдағы білім ошағының жағдайы сол елді – мекеннің тыныс – тіршілігін, даму деңгейін аңғартатыны анық. Сондықтан ауыл баласының қала баласынан кем білім алмауы – бүгінгі күннің басты талабы.

Осы орайда ауданымыздағы Көлтабан ауылында бой көтерген жаңа мектеп – көптен күткен үміттің ақталғаны, ауыл келешегіне жасалған үлкен қамқорлық болды. Заман талабына сай салынған бұл білім ордасы тек оқушылар үшін ғана емес, ұстаздар мен ата-аналар үшін де зор қуаныш сыйлады.

Көлтабан ауылы үшін биылғы жыл айтулы жаңалықпен басталды. Ауыл ортасында 120 орындық, шағын орталығы бар жаңа мектеп пайдалануға берілді. Бұл – тек жаңа ғимараттың ашылуы емес, ауыл өміріне серпін берген тарихи сәт.

Бұған дейін оқушылар бейімделген ескі ғимаратта білім алып келген еді. Асхана, спорт және акт залының болмауы, жоғары сыныптардың жоқтығы ауыл балаларына айтарлықтай қиындық тудырды. 10 - 11 - сынып оқушылары өзге елді – мекенге қатынап оқуға мәжбүр болатын. Енді бұл мәселе толықтай шешіліп, балалар туған ауылында алаңсыз білім алуға мүмкіндік алды.

Жаңа мектептің ашылу салтанатына облыс әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов арнайы қатысып, ауыл тұрғындарын қуаныштарымен құттықтады. Ол өз сөзінде Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес қала мен ауыл мектептері арасындағы білім сапасын теңестіру бағытында жүйелі жұмыстар атқарылып жатқанын атап өтті.

– Облыс көлемінде мектеп ғимараттарын жаңарту, материалдық –

техникалық базасын нығайту жұмыстары кезең-кезеңімен жүзеге асуда. Соның нәтижесінде бейімделген мектептердің саны айтарлықтай азайды. Көлтабан ауылындағы бұл жаңа мектеп – соның айқын дәлелі. Мұнда балалардың қауіпсіз әрі жайлы ортада білім алуына барлық жағдай жасалған, – деді Диас Рахметұлы.

Салтанатты жиында облыс әкімінің орынбасары мектепке жаңа үлгідегі химия

кабинетін жабдықтауға арналған сертификат табыстады. Ауыл тұрғындары атынан сөз сөйлеген ауыл ақсақалы, ардагер Мұрат Рахымов ел игілігі жолындағы жұмыстарға ризашылығын білдіріп, ақ батасын берді. Ал, мектеп құрылысын жүргізген «СП НЕФТ» ЖШС-нің директоры Нұрлан Қадырбаев жаңа білім ошағының символикалық кілтін мектеп директоры Жамбы Біржановаға табыстады.



қариядан бастап, еңбектеген балаға дейін қуанып жүр. Бұрын спорт зал болмағандықтан, дене шынықтыру сабағы сыныпта немесе далада өтетін. Қазір жарық, кең спорт залы бар. Осындай керемет мектеп салуға атсалысқан барша азаматтарға аналық алғысымды білдіремін – дейді.

Жаңа мектептің 11 - сынып оқушысы Жаңыл ТҮРКІСТАН:

– 9 - сыныпқа дейін осы ауылда оқыдым. Жоғары сынып болмағандықтан, Талдықорған қаласындағы №19 мектепке ауысуға тура келді. Жаңа мектеп салынғанын естіп, өз ауылымда оқуды жалғастыруды шештім. Мектеп өте әдемі, жайлы, қала мектебінен еш айырмашылығы жоқ, – деп өз ауылында осындай заманауи мектептің болғанына қатты қуанатынын жеткізді.

Қорыта айтқанда, Көлтабан ауылында ашылған жаңа мектеп – елдің ертеңіне деген сенімнің нышаны. Бұл білім ордасынан талай дарынды шәкірт түлеп ұшып, ауыл абыройын асқақтатары сөзсіз.



Оқылмаған хаттар

Жуырда "Ақын Сара" атындағы мәдениет үйінде Ақсу ауданында Жетісу облысы әкімдігінің қолдауымен және Қазақстан халқы Ассамблеясымен бірлесіп отырып, Жетісу телеарнасының кино бөлімімен ҚХА-ның 30 жылдығына орай ерекше түсірілген туындының премьерасы көрсетілді.

«Оқылмаған хаттар» - тағдыр, сағыныш, айтылмай қалған сөздер мен адам жүрегіндегі үнсіз сырлар туралы көркем фильм.

Бұл кино — бірлік пен татулықты, ортақ тарих пен тағдыр тоғысқан қоғамның терең мәнін сезіндіретін туынды.

Жақында ғана жабық көрсетілімі өткен бұл туындыны бүгін Ақсу ауданының тұрғындары тамашалады.

Соңында аудан әкімінің орынбасары Есжанов Ғазиз Отарбайұлы мен аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы



Амангелді Айтбаев киноға байланысты өз пікірлерін білдіріп, осындай тамаша түсірілім жасаған Жетісу телеарнасының кино бөліміне ағалық алғысын білдірді.



АҚСУ АУДАНЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫ БАҒАЛАРЫНА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗІЛДІ



Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бекітілген шекті бағадан аспауын қамтамасыз ету мақсатында аудан аумағындағы бірқатар сауда нүктелеріне мониторинг жасалды.

Мониторинг барысында аудан әкімдігі мен тиісті бөлім мамандары кәсіпкерлік субъектілерімен кездесіп, баға тұрақтылығын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Сауда орындарына шекті бағаларды сақтау жөнінде ұсыныстар беріліп, бақылау жұмыстары алдағы уақытта да жалғасатыны ескертілді.

Аталған шара аудан тұрғындарын қолжетімді бағамен қажетті азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етуге бағытталған.

Гүлім ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.

АҚСУ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

ЖОБА

Ақсу аудандық мәслихатының 2024 жылғы 14 мамырдағы «Ақсу ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы» №29-130 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ақсу аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақсу аудандық мәслихатының 2024 жылғы 14 мамырдағы «Ақсу ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы» №29-130 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №196746 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 жылғы 8 желтоқсандағы №117 бұйрығының 4 - 1 тармақшасына сәйкес келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Ақсу ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібінде:

15-тармақтың 7) тармақшасы алынып тасталынсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақсу аудандық мәслихатының төрағасы **Б. СҮЛЕЙМЕНОВ**

РЕШЕНИЕ АКСУСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

ПРОЕКТ

О внесении изменения в решение Аксуского районного маслихата от 14 мая 2024 года №29-130 «Об определении размера и порядка оказания жилищной помощи в Аксуском районе»

Аксуский районный маслихат РЕШИЛ:

1. согласно пункта 4 - 1 приказа Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан от 8 декабря 2023 года №117 внести в решение Аксуского районного маслихата от 14 мая 2024 года №29-130 «Об определении размера и порядка оказания жилищной помощи в Аксуском районе» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под №196746) следующее изменение:

в размере и порядке оказания жилищной помощи в Аксуском районе, утвержденных указанным решением:

подпункт 7) пункта 15 исключить.

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Председатель Аксуского районного маслихата **Б. СҮЛЕЙМЕНОВ**

ҚАЛҚА ЖАПСАРБАЕВТЫҢ БИЫЛ 140 ЖЫЛДЫҒЫ

Қалқа Жапсарбаевтың өмірі мен ілімі

Халықтың көзайымына бөленген ақындарды халқы ешқашан ұмытпақ емес. Халқына әсем әндерін сыйлап, ел қошеметіне бөленген халық ақыны Қалқа Жапсарбаевтың биыл 140 жылдығы.

Ақынның өмірі мен ілімі – халықтың тарихи жадын, дүниетанымын, адамгершілік ұстанымдарын көркем сөз арқылы жеткізген құнды мұра.

Қазақтың дәстүрлі сөз өнері тарихында XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы – халық ақындары мен жыршы-жыраулардың қоғамдық ойды қалыптастыруда ерекше рөл атқарған кезеңі болды. Осы дәуірде өмір сүріп, ел руханиятына өлшеусіз үлес қосқан Сара Тастанбекқызымен замандас болған тұлғалардың бірі - Қалқа Жапсарбаев. Қалқа Жапсарбаев - 1886 жылы Талдықорған облысы, Киров ауданы, Карл Маркс атындағы колхозда туған. Ол жастайынан сөз өнеріне бейім болып, ел ішіндегі ақындар айтысын, шешендік дәстүрді бойына сіңіріп өсті. Қалқаның ақындық жолы халық ортасында қалыптасқан. Сара Тастанбекқызымен тікелей шығармашылық байланыста болмағанымен, бір дәуірдің рухани тынысын жеткізген замандас ақындар ретінде қазақ әдебиетінің дамуына зор үлес қосты.

Қалқа Жапсарбаев – халық поэзиясының көрнекті өкілі, суырыпсалма ақын, жыршы. Ол ел ішіндегі ауыз әдебиеті дәстүрін терең меңгеріп, өз шығармаларында халықтың тұрмыс-тіршілігін, әлеуметтік ахуалын, ел бірлігі мен адамгершілік мәселелерін жырлады. Ақынның поэзиясы қарапайым халықтың ой-толғамынан туындап, заман шындығын айқын көрсете білді. Қалқа ақын жастайынан ауыз әдебиетінің үлгілерін меңгеріп, ел ішіндегі жыр дәстүрін жалғастырды.

Ақын өмір сүрген кезең – қазақ халқы үшін тарихи бетбұрысқа толы уақыт еді. Ел тағдыры, әлеуметтік теңсіздік, халықтың мұңы мен үміті Қалқа шығармаларының негізгі өзегіне айналды. Ол өз өлеңдерінде заман шындығын жасырмай айтып, халықтың сөзін сөйлей білді.

Қалқа Жапсарбаевтың ілімі – адамгершілікке, әділдікке, елдік пен бірлікке негізделген рухани мұра. Ақын поэзиясында: адал еңбек, үлкенді құрметтеу, елге қызмет ету, білім мен парасатқа ұмтылу сияқты құндылықтар кеңінен насихатталады.

Сара Тастанбекқызы музейінің экспозициясында Қалқа Жапсарбаевтың замандас ақын ретінде берілуі ақын өмір сүрген ортаны кең көлемде танытуға бағытталған. Бұл арқылы көрермен бір ғана тұлғаның тағдырын емес, сол дәуірдегі қазақ қоғамының рухани-мәдени кеңістігін тұтастай қабылдай алады. Замандас ақындар галереясы Сараның шығармашылық әлемін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Бекзат КЕНЖЕХАНОВА,
Ақын Сараның мемориалды музейінің қор сақтаушысы.

7 ҚАҢТАР – ТАЛҒАТ МҰСАБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА - 75 ЖЫЛ!

Ғарышкер

Аспанмен сырласқан халықтың рухы биік болады. Өйткені көкжиектен асқан арман ғана ұлттың ертеңін алға сүйрейді. Сол асқақ арманның символына айналған тұлғалардың бірі – Талғат Амангелдіұлы Мұсабаев. Оның есімі Қазақстанның ғарышқа жол тартқан тағдырымен, тәуелсіз елдің ғылыми-өркениеттік серпінімен біте қайнасып жатыр.

Талғат Мұсабаев – жалаң батырлықтың емес, білім мен табандылықтың, инженерлік ой мен азаматтық жауапкершіліктің иесі. Халықаралық ғарыш кеңістігіне үш мәрте ұшып, жүздеген тәулік орбитада болған ол – Қазақстанның тұңғыш кәсіби ғарышкерлерінің бірі ғана емес, ұлттық ғылым мен технологияны әлемдік деңгейге көтерген кемел қайраткер. Ғарыштағы әрбір сәті – есеп пен тәуекелдің, дәлдік пен сабырдың сыналар шағы. Ал сол сыннан сүрінбей өткен тұлға ғана тарихта қалады.

Ғарыш – адамзаттың ең күрделі зертханасы. Онда адами әлсіздікке орын жоқ, әрбір қимыл – ғылымға, әрбір шешім – өмірге жауап береді. Мұсабаевтың ғарыш сапарлары осы жауапкершіліктің айқын көрінісі болды. Ол орбитада ғылыми тәжірибелер жүргізіп қана қойған жоқ, адам мүмкіндігінің шекарасын кеңейтті. Ашық ғарышқа шығу, техникалық ақауларды жою, халықаралық экипажбен бірлесіп жұмыс істеу – мұның бәрі оның кәсіби биіктігін, рухани беріктігін айқындады.

Талғат Мұсабаевтың тағдыр жолы – тәуелсіз Қазақстанның даму жолымен үндес. Кеңістікке ұмтылған жас мемлекет үшін ғарыш тек символ емес, стратегиялық бағыт еді. Осы жолда Мұсабаевтың еңбегі өлшеусіз. Ол Қазақстанның ғарыш саласындағы беделін арттырып, ғылым мен инженерияның ұлттық мектебін қалыптастыруға үлес қосты. Халық қаһарманы атағы – оның жеке ерлігінің ғана емес, ел сенімінің белгісі.

Ғарышкердің тұлғасы орбитада ғана емес, жер бетінде де айқындалды. Басшылық қызметтерде жүріп, ол ғарыштық технологияларды дамыту, кадр даярлау, халықаралық ынтымақтастықты нығайту ісіне белсене атсалысты. Оның көзқарасында ғарыш – тек аспанға қарау емес, жердегі өмірді жақсартудың құралы. Байланыс, навигация, экология, қауіпсіздік – осы салалардың бәрінде ғарыштық технологиялардың маңызы зор екенін ол нақты істерімен дәлелдеді.


Әдеби тілмен айтқанда, Талғат Мұсабаев – көкке қадам басқан қазақтың сабырлы жүрегі. Оның ғұмыр жолында даңқтан бұрын еңбек, пафостан бұрын парыз тұрды. Ол ұлттың арманын жеке амбициясынан биік қойды. Сондықтан да оның есімі уақыт өткен сайын асқақтай береді.

75 жылдық мерейтой – өткенді еске алу ғана емес, болашаққа бағдар. Талғат Мұсабаевтың өмірі жас ұрпаққа бір-ақ ақиқатты ұқтырады: ғылымға сенген ел ғана ертеңіне сенімді қадам жасайды. Аспанға қараудан қорықпаған халықтың жұлдызы өшпейді.

Қазақ даласынан көтерілген сол жұлдыз – Талғат Мұсабаев. Оның жарығы бүгін де, ертең де ұлттық рухтың темірқазығы болып қала бермек.

Ләззат ҚАСЫМБЕКОВА.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес - қорғаныс саласындағы басты міндет



Жемқорлық қалыптастыру, құқықтық сауаттылықты арттыру, түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу – біздің негізгі бағытымыз. Бөлімде барлық қызметтік рәсімдер Қазақстан Республикасының заңнамасына қатаң сәйкес жүзеге асырылады. Қабылданатын шешімдердің ашықтығы мен негізділігіне баса назар аударылады. Азаматтармен тікелей жұмыс барысында әдеп нормаларын сақтау, қызметтік өкілеттіктерді жеке мақсатта пайдаланбау – әрбір қызметкердің басты қағидасы. Сонымен қатар, кез келген заң бұзушылыққа «мүлде төзбеушілік» қағидаты қалыптастырылған.

Мемлекет басшысының реформалық бастамалары мен тапсырмалары қорғаныс саласында да нақты іске асырылып келеді. Президенттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты бізге тек бақылау мен жазалау тетіктерін ғана емес, ең алдымен алдын алу, адалдық пен әділеттілікті дәріптеу қажеттігін көрсетеді. Осы бағытта бөлімде ішкі бақылау тетіктері күшейтіліп, қызметтік этика талаптары тұрақты түрде түсіндіріліп отырады.

Біздің мақсатымыз – халыққа сапалы әрі әділ мемлекеттік қызмет көрсету. Әскерге шақырылатын жастар мен олардың ата-аналары қорғаныс бөлімінің жұмысына толық сенім арта алуы тиіс. Бұл сенім тек нақты іспен, адал еңбекпен, заңға бағынумен ғана қалыптасады. Сондықтан әрбір қызметкер өз әрекетіне жеке жауапты екенін терең сезінуі қажет.

Қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – уақытша науқан емес, бұл – үздіксіз, жүйелі әрі ортақ міндет. Мемлекет басшысы белгілеп берген бағыт біз үшін нақты іс-қимыл жоспары болып табылады. Аудандық қорғаныс бөлімі алдағы уақытта да заңдылықты, әділдікті және ашықтықты басты ұстаным ете отырып, ел қорғанысын нығайту жолында адал қызмет ете береді.

Д.КИРГАБАКОВ,
Ақсу ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, майор.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ



Мемлекеттік қызмет – бұл мемлекет тарапынан халыққа көрсетілетін қызметтердің жиынтығы. Ол азаматтардың күнделікті өмірін жеңілдету, құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға көмектесу мақсатында ұйымдастырылады. Мемлекеттік қызметтер білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, көлік, тұрғын үй, құжаттандыру сияқты көптеген салаларды қамтиды.

Қазіргі таңда Қазақстанда мемлекеттік қызметтерді алу үдерісі айтарлықтай жеңілдеді. Электрондық үкімет (eGov) порталы арқылы азаматтар үйден шықпай-ақ түрлі анықтамалар алып, өтініштер жолдай алады. Бұл уақытты үнемдеуге, қағазбастылықты азайтуға және қызмет көрсету сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қызметтің басты қағидаларына қолжетімділік, ашықтық, әділдік және тиімділік жатады. Әрбір азамат әлеуметтік жағдайына, жасына немесе тұрғылықты жеріне қарамастан мемлекеттік қызметтерді тең дәрежеде алуға құқылы. Қорытындылай келе, мемлекеттік қызмет – халық пен мемлекет арасындағы байланысты нығайтатын маңызды құрал.

Оның сапалы әрі тиімді жұмыс істеуі елдің дамуына және азаматтардың әл-ауқатының жақсаруына тікелей әсер етеді.

Адай ЕРСАЛЫМ,
Молалы ауылдық округінің бас маман, іс - жүргізушісі.

СУ ТАСҚЫНЫ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ МЕН ҚОРҒАНУ ЖОЛДАРЫ



Су тасқыны дегеніміз – өзендегі судың көптеуіріліп, қардың еріп, желдің қатты соғуынан өзеннің тасуы немесе сел жүру кезінде кейбір елді мекендердегі су басуы. Су тасқынының келтіретін зардаптарының қатарына үйлер мен ғимараттардың, көпірлердің қирауын, темір жолдар мен автокөлік жолдарын су шайып, инженерлік желілердегі апат, тұрғындар арасындағы зардап шегушілер мен жан-жануардың қырылуы сынды оқиғаларды жатқызуға болады. Су тасқыны кезінде жұмыс орындары мен пәтерлерде радио желісі тәулік бойы жұмыс атқарып, электродабылқаққыш (сирена) дабылы дабыл сигналын беруге дайын тұруға тиісті, себебі, тұрғындар алдын ала хабардар болуы керек. Хабарландыру сигналдары, эвакуация жасау шаралары мен ережелерімен танысып, соған алдын ала дайын болыңыз.

Су тасқыны қауіп туындаған жағдайдағы іс әрекеттер: Төтенше жағдайлар мен іс-әрекет жөніндегі нұсқаулықтар мен ақпараттарды мұқият тыңдаңыз, телефон желісін қажетінсіз қолданбаңыз, сізбен байланысар кезінде желі бос болуы керек. Жасанды және электродабылқаққыш іске қосылған кезде қауіпсіз орындарға жиналу. Сабырлық сақтап, көршілерге ескертіңіз, мүгедектерге, балаларға және де егде жастағы адамдарға көмек көрсетіңіз. Құжаттарыңызды, киім, қажет заттарыңызды, бірнеше күнге арналған тамақтар мен дәрі - дәрмектерді дайындаңыз. Барлығын бір шабаданға жинаңыз. Құжаттарды су өткізбейтін пакеттерде сақтаңыз. Электрлік тоқтарды тоқ көзінен ажыратып, газды жабыңыз. Бағалы заттарыңыз бен азық-түлік өнімдерін жоғары бөлікке көтеріп қойыңыз, есік-терезені жабыңыз. Көмек

келгенше үйдің төбесінде, ағаш басында немесе қауіпсіз орындарда болыңыз, құтқарушыларға белгі беріңіз, сізді тезірек тауып алуына мүмкіндік жасаңыз. Айналаңызда зардап шегушілер жоғына көз жеткізіңіз, болған жағдайда шамаңыз келгенше көмек қолын созуға тырысыңыз. Көмек келгенше жоғарғы қабаттарда, төбелерде, ағаш немесе басқа да жоғарылықта болыңыз, мүмкін болса ұялы телефонмен хабарласыңыз, құтқарушыларға Сізді мүмкіндігінше тез табу үшін белгі беріңіз.

Аумақты су басу қаупін байқаған кезде ТЖ қызметінің 112, 101 нөмірі бойынша қоңырау соғып, хабарлау қажет. Есіңізде болсын, қауіпсіздік ережелерін сақтау арқылы өзіңіз бен жақындарыңыздың өмірін арасалап қалу мүмкіндігіңіз көбейеді.

Арасан ауылдық округіне қарасты Арасан ауылының орталық бөлігіне электродабылқаққыш (сирена) орнатылған. Ауыл тұрғындарына оқу-жаттығу тоқсан сайын өткізіледі және халық одан толық хабардар. Арасан ауылында өрт сөндіру бекеті жұмыс істейді. Онда штаттық төрт қызметкер жұмыспен қамтылған, контейнер толық құрал-саймандармен жабдықталған. Қызметкерлер тәулік бойы кезекшілік атқарып ауданмен тығыз байланыста отырады. Арасан ауылдық округі әкім аппараты қызметкерлері мен Арасан өрт сөндіру бекеті қызметкерлері арасында тығыз байланыс бар, біздер өзара ай сайын жоспарға сәйкес жиналыстар өткізіп, округ аумағын аралап, су өткізгіш құбырлар мен көпірлерді тексеріп, сонымен қатар қауіпті учаскелердің бар, жоғын қадағалап анализдер жасап отырамыз. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

ЖЕР СІЛКІНІСІНІҢ ТУЫНДАУЫ ЖӘНЕ ОДАН ҚОРҒАНУ ЖОЛДАРЫ

Жер сілкінісі – табиғаттағы ең қауіпті әрі күтпеген құбылыстардың бірі. Ол жер қыртысында жиналған энергияның кенеттен босап шығуы нәтижесінде пайда болады. Жер сілкінісі кезінде жер беті шайқалып, ғимараттар қирап, адамдардың өмірі мен денсаулығына үлкен қауіп төнеді.

ЖЕР СІЛКІНІСІНІҢ ТУЫНДАУ СЕБЕПТЕРІ:

Жер сілкінісінің негізгі себебі – литосфералық плиталардың қозғалысы. Бұл плиталар бір-бірімен соқтығысып, ажырасып немесе бірінің астына бірі кірген кезде жер қыртысында үлкен қысым жиналады. Қысым шегіне жеткен сәтте ол сілкініс түрінде босап шығады.

Сонымен қатар жер сілкінісі жанартаулардың атқылауы, жер асты қуыстарының опырылуы немесе адам әрекеті (кен өндіру, су қоймаларын салу, жарылыс жұмыстары) салдарынан да болуы мүмкін.

ЖЕР СІЛКІНІСІНІҢ САЛДАРЫ:

Жер сілкінісі кезінде үйлер мен жолдар қирап, электр және су жүйелері істен шығады. Кей жағдайларда өрт, көшкін, цунами сияқты қосымша апаттар орын алады. Мұның бәрі үлкен материалдық шығынға және адам шығынына әкелуі мүмкін.

ЖЕР СІЛКІНІСІНЕН ҚОРҒАНУ ЖОЛДАРЫ:

Жер сілкінісінен толықтай қорғану мүмкін емес, бірақ оның зиянын азайтуға

болады. Ол үшін алдын ала дайындық өте маңызды.

Сілкініске дейін:

Үйдігі ауыр жиһаздарды қабырғаға бекіту;

Төтенше жағдайға арналған сөмке дайындау (су, азық-түлік, дәрі-дәрмек, фонарь);

Отбасы мүшелерімен қауіпсіздік жоспарын келісу.

Сілкініс кезінде:

Сабыр сақтап, берік үстелдің астына немесе ішкі қабырға жанына тұру;

Терезелер мен ауыр заттардан алыс болу;

Далада болсаңыз, ғимараттар мен электр сымдарынан қашық жерге шығу.

Сілкіністен кейін:

Ғимараттан асықпай шығу, жарақат алғандарға көмектесу;

Газ бен электр желілерін тексеру;

Ресми ақпарат көздерінің нұсқауларын орындау.

Қорытынды

Жер сілкінісі – алдын ала болжау қиын табиғи апат. Дегенмен, қауіпсіздік ережелерін сақтау және дұрыс әрекет ету арқылы адам өмірін сақтап қалуға болады. Әрбір адам жер сілкінісі кезіндегі іс-қимылдарды біліп, оған дайын болуы тиіс.

Ержан СЕЙІТҚАЗЫ,
Арасан ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

ЕМХАНАДА ЕСЕПТЕ ТҮРҒАН АЗАМАТТАР МӘМС ТУРАЛЫ НЕНІ БІЛУ КЕРЕК?



• созылмалы вирустық гепатиттер және бауыр циррозы;
• психикалық және мінез-құлықтық бұзылыстар;
• орфандық аурулар;
• жүйке жүйесінің дегенеративті аурулары;
• орталық жүйке жүйесінің демиелинизациялаушы аурулары;
• эпилепсия;
• жедел миокард инфаркті (алғашқы 6 ай ішінде);
• инсульт (бір жыл ішінде).

Әлеуметтік маңызы бар және кең таралған ауруларды ерте анықтау мақсатында скринингтік тексерулер, оның ішінде қатерлі ісікке арналған скринингтер де сақтандыру мәртебесіне қарамастан ТМҚК аясында жүргізіледі.

Диагностика, бақылау және емдеу – сақтандыру мәртебесінің қорғауында

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакетіне диспансерлік есепте тұрған азаматтардың бірқатар созылмалы аурулары бойынша бақылау мен емдеу енгізіледі.

Бұл тізімге келесі ауру түрлері кірді:
- қант диабеті;
- балалардың церебралды сал ауруы;
- дәнекер тіннің жүйелі аурулары;

- ревматизм;
- артериялық гипертония;
- жүректің ишемиялық ауруы және өзге де жүрек аурулары
(жүрек жеткіліксіздігі, жүрек ырғағының бұзылыстары);
- төменгі тыныс жолдарының созылмалы аурулары;
- Бүйрек аурулары, оның ішінде гломерулярлық аурулар, созылмалы бүйрек ауруы;
- ас қорыту жүйесінің аурулары;
- сүйек-бұлшықет жүйесі мен дәнекер тін аурулары.

Бұл диагноздары бар адамдарға амбулаториялық және стационарлық жағдайларда, соның ішінде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді, қымбат дәрі-дәрмектерді қоса алғанда, барлық қажетті ем түрлерін алуға мүмкіндік береді.

Мысалы, Қазақстанда 1,5 миллион адам артериалды гипертония бойынша есепте тұр.

Аталған ауру түрі алғашқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде басқарылатын ауруларға жатады және динамикалық бақылауды дұрыс ұйымдастырған жағдайда толық бақылауда болады. Мұндай пациенттерге кардиологқа уақытылы қаралу, жағдайын бағалау және дәрілік терапияны тағайындау үшін қажетті тексерулерді өту

қажет. Мысалы, электрокардиография, Холтерлік мониторинг, тәулік бойы артериалды қысымды бақылау. Денсаулық сақтау саласының заңға енгізілген өзгерістер бойынша жұмыс жасаған мамандарының айтуынша, созылмалы аурулар жиі асқинулар тудырады, себебі пациенттер өз тарапынан дәрігердің тамақтану, ұйқы режимі, дәрі-дәрмек қабылдау, аралық қабылдауларға келу сияқты ұсыныстарын жеткілікті деңгейде сақтамайды.

Сонымен қатар, жыл сайын мидың қан айналымы мен жүрек бұлшықетінің бұзылуының (инсульт, инфаркт) 50 мыңға дейінгі жағдайы тіркеледі.

Аталған ауруларды емдеу құны заманауи жоғары тиімді технологияларды қолдануға байланысты 7 миллион теңгені құрайды, бұл көптеген азаматтар үшін күтпеген шығын болары сөзсіз.

Амбулаториялық диализ алатын бір пациенттің орташа шығыны жылына шамамен 5 миллион теңгені құрайды.

МӘМС жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі – медициналық көмек алу барысында азаматтарды кенеттен туындайтын жоғары шығындардан қорғау. Олар жүйеге 51 000 теңге көлемінде жарна төлеп, барлық медициналық қызметтердің толық тізіміне қол жеткізеді.

Осылайша күтпеген жоғары шығындардан өзіңізді қорғап, денсаулығыңыздың жай-күйін бақылауда ұстау үшін МӘМС жүйесінде мәртебеңізді дер кезінде рәсімдеп, кейін жарналарды тұрақты түрде төлеу маңызды.

Айта кету керек, аталмыш диагноздары бар азаматтардың көпшілігі жеңілдік санаттарына кіреді және мемлекет есебінен сақтандырылған. Тағы бір бөлігі D және E санаттарына жатады, олар келесі жылдан бастап жергілікті атқарушы органдардың жарналары есебінен сақтандырылмақ. Сондай-ақ, экономикалық тұрғыдан белсенді азаматтар өз денсаулығы үшін жауапкершілікті бөлісуге қабілетті.

Жалпы, енгізілген түзетулер денсаулық сақтау жүйесінің қаржыландыру моделін сақтандыруға негізделген жүйеге жақындатуға мүмкіндік береді, бұл модельді өзгерту кезінде бастапқыда жоспарланған бағытқа сәйкес келеді.

«ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ» КЕАҚ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ.

● АУДАН ЖӘНЕ АУЫЛ ТҮРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖАНУАРЛАРЫН БІРДЕЙЛЕНДІРУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Ауылшаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дегеніміз - дерекқорға ауылшаруашылығы жануары туралы мәліметтерді енгізе отырып және ветеринариялық паспорт бере отырып, бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) пайдалану, таңбалау, чиптау арқылы жануарларға жеке нөмір беруді қамтитын жануарларды есепке алу жүйесі.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі №339 «Ветеринария туралы» Заңының 32 бабының 1 тармағына сәйкес ауыл шаруашылығы жануарлары уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жануарлар ауруларының профилактикасы мен диагностикасы жөніндегі ветеринариялық дауалаудың жүзеге асырылуын бақылау және қадағалау мақсатында әрбір жануарға қадағалау жүргізуге мүмкіндік беретін міндетті сәйкестендіруге жатады.

«Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 38) тармақшасына және «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес Ауылшаруашылығы жануарларын бірдейлендіру ережесі ауылшаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу тәртібін айқындайды.

Қазақстан Республикасының Ауылшаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы №7-1/68 бұйрығының 1 - тармауының 2-тармағына сәйкес Ауылшаруашылығы жануарларының төлі мынадай жасқа жеткен күнінен бастап он төрт жұмыс күнінен кешіктірмей бірдейлендіріледі:

бұзаулар, қозылар, лақтар, боталар – туған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін;

құлындар – төрт айлық жасынан бастап (таңбалау кезінде), туған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін (чиптеу кезінде);

тақ тұяқты жануарлардың төлі (есектер, қашырлар, пони, зебра, құлан және басқа жануарлар) – төрт айлық жасынан бастап (таңбалау кезінде), туған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін (чиптеу кезінде);

асыл тұқымды торайлар, әрі қарай өсіруге және өсімін молайтуға арналған торайлар және халықтың шаруашылықтарында күтіп-бағылатын торайлар – туған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін;

Осы бұйрықтың 1 - тармауының 8 тармағына сәйкес Жеке нөмірді беру ауылшаруашылығы жануарларының түріне қарай келесі тәсілдердің бірімен жүргізіледі:

1) сырғалау (тоғызайлық жасқа дейін сойылмаған, ауылшаруашылығы кәсіпорындарында, шаруа және фермерлік қожалықтарда күтіп-бағылатын, өнеркәсіптік өсіруге және бордақылауға арналған ірі қара мал, ұсақ мал, түйелер, шошқалар және торайлар үшін);

2) таңба басу (төрт айлық жасқа толғаннан бастап) немесе чип салу (туғаннан бастап жеті күн өткеннен кейін) (жылқылар және тақ тұяқты жануарлар үшін);

3) татуировка (ауылшаруашылығы кәсіпорындарында, шаруа және фермерлік қожалықтарда күтіп-бағылатын және өнеркәсіптік өсіруге, тоғыз айлық жасқа жеткенге дейін кейіннен сою үшін бордақылауға арналған торайлар үшін).

Осы бұйрықтың 2 - тармауының 29 тармағына сәйкес Ауылшаруашылығы жануарларын

бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдар (құралдар) бүлінген немесе жоғалған кезде (ауылшаруашылығы жануарының жеке нөмірін айқындау мүмкін болмаған жағдайда) жануар иесі басқа ауылшаруашылығы жануарларының жеке нөмірлерін ветеринариялық паспорттармен және дерекқормен салыстырып тексергенге дейін жануарды оқшаулайды.

Егер ауылшаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдар (құралдар) бірнеше ауылшаруашылығы жануарларынан жоғалған жағдайда, ауылшаруашылығы жануарларының жеке нөмірлерін анықтау ветеринариялық паспортта (ауылшаруашылығы жануарының жынысы, түсі, қосымша белгілері) көрсетілетін қосымша деректер бойынша жүргізіледі.

Көрсетілген жағдайларда ауылшаруашылығы жануарларының иесі тиісті өкімшілік - аумақтық бірліктің ветеринариялық ұйымына жүгінеді. Ауылшаруашылығы жануарларының жеке нөмірлерін белгілеу ауылшаруашылығы жануарларының иесі өтініш берген күннен бастап күнтізбелік бес күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

Осы тармақта көрсетілген себептер бойынша ауылшаруашылығы жануарларын қайта бірдейлендіру жануар иесі өтініш берген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде ауылшаруашылығы жануарына жаңа жеке нөмір бере отырып, осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Ауылшаруашылығы жануарына жаңа жеке нөмір беру кезінде дерекқорда және ветеринариялық

паспортта ауылшаруашылығы жануарын қайта бірдейлендіру себептерін көрсете отырып және осы Қағидалардың 38-тармағында көзделген шараларды қабылдай отырып, ауылшаруашылығы жануарының алдыңғы жеке нөміріне байланыстыра отырып, тиісті ақпарат (қайта бірдейлендірілді) көрсетіледі.

Ауылшаруашылығы жануарларын бірдейлендірумен қамтамасыз етпеу Қазақстан Республикасының «Өкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 406 бабының 5-тармағына сәйкес өкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Ағымдағы 2026 жылдың Бөтеннің мүлкін ұрлаудың алдын алу, оның ішінде «Мал ұрлығын алдын алу жөніндегі бірлескен іс - шаралар жоспарын құру» және оны тиімді іске асыру шараларын қабылдау туралы.

Жетісу облысындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі Ведомствоаралық комиссия отырысының №5 2025 жыл 11 желтоқсандағы хаттамасы бойынша. 2026 жылға арналған мал ұрлығының алдын алу жөніндегі бірлескен іс-шаралар жоспарын құру және оны тиімді іске асыру шараларын қабылдау, мал ұрлығының алдын алу мақсатында ұшжақты меморандум құрып әзірлеу және аталған меморандумды округ әкімі, учаскелі полиция инспекторы және жеке шаруа қожалық жұмысшыларымен келісім-шарт жасау, мал ұстайтын жеке шаруа қожалықтарды тексеруді ұйымдастыруды, өңірде бөтеннің мүлкін ұрлауды болдырмау және оның алдын алу бойынша кең ауқымды профилактикалық іс-шаралар жүргізу, бөтеннің мүлкін

ұрлау фактісі анықталған жағдайда полиция қызметкерлерінің жедел әрекет ету деңгейін арттыру барлық ауылшаруашылығы жануарларын бірдейленіп тіркелуін қамтамасыз ету өңір аумағында орын ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдауды жүзеге асыру талаптарын сақтау бойынша халыққа түсіндірме жұмыстарын жүргізу, малға құлақ белгілерін орнатудың міндеттілігі туралы халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, ауылшаруашылығы жануарларына және өнімдерін тасымалдауға, орын ауыстыруға, өткізуге басқармаға бағынысты мекемелер тарапынан берілген ветеринариялық анықтамаларға тұрақты негізде тексеру жүргізу, жұртшылықты тарта отырып, оның ішінде халықтың қатысуымен жиындар өткізіп, әлеуметтік роликтер, билбордтар, брошюралар мен плакаттар дайындауды қамтамасыз ете отырып, сондай-ақ БАҚ құралдарын пайдалана отырып, халық арасында кең ауқымды түсіндіру жұмыстарын жүргізу, ауылдық округ әкімдерімен бірлесіп «Шопан-иесі-жергілікті атқарушы органдар» ауылдық округтерге қарасты барлық шаруа қожалықтарымен ұшжақты шарттар жасасу жөніндегі жұмыстарды жалғастыру туралы айтылған.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ВЕТЕРИНАРИЯ БАСҚАРМАСЫ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
«ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ПУНКТТЕРІ БАР АҚСУ АУДАНЫНЫҢ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ СТАНЦИЯСЫ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КОМУНАЛДЫҚ КӘСІПОРЫНЫ.

Қосымша мәліметтерді 2-94-43 немесе +7717760488 телефоны арқылы алуларыңызға болады.

Әке менің - асқар тауым

**ӘКЕ – АСҚАР ТАУ,
АНА – МӨЛДІР БҰЛАҚ...**



Бала – жағасындағы құрақ демекші, осы үшеуінің өмірде алатын орындары ерекше. Ата-ананың мейіріміне бөленіп, тәрбиесі мен тәліміне сусындап өскен баланың болашағы да зор болмақ емес пе?! Бала десе шыбын жанымыз шығардай шырылдаймыз, шыр етіп сәбиіміз дүние есігін ашқаннан бастап оның барлық өміріне жауаптымыз.

Қ.И.Сәтбаев атындағы орта мектеп-гимназиясында «Әкелер клубы» «Әкемен бір күн» атты тақырыпта видео-байқау ұйымдастырған еді. Бұл тақырып әке мен баланың арасындағы қарым-қатынасты, бір-біріне деген құрмет пен сыйласымдықты айқындайды. Күнделікті күйбең тіршіліктен бір уақыт алыстап, баламен уақыт өткізудің өте маңызды екендігін көрсетеді.

Қ.И.Сәтбаев атындағы орта мектеп-гимназиясының 2 «Ә» сынып оқушысы Сағит Данияр Мадиярұлы әкесі Жанғазин Мадияр Сағитұлымен бірлесе отырып, бір күндік өмірлерінен үзінді ұсынған еді. Даниярдың әкесі жеке кәсіпкер, бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы саласында, оның ішінде мал шаруашылығымен айналысып жүрген «Мадияр» ЖШҚ жетекшісі. Мадияр екі ұл мен қыз бала тәрбиелеп отырған әке. Данияр және қарындасы Айкөркем мен інісі Мансұр әкелерінің шаруа қожалығында уақыт өткізгенді ұнатады. Демалыс күндері Данияр әкесіне қолғабыс етеді. Әкесі баласына қазақи тәрбие беріп, еңбектің маңыздылығын үйретуге, ұлтымыздың атадан балаға мұра болып келе жатқан құндылықтарымен таныс болуды жөн көреді. Ат ерттеу, оны баптап үйрету сынды дүниелерге баулиды.

Осы тұста «Әке көрген оқ жоңар» дегендей, ана мен қатар

әкенің бала өмірінде алатын орны ерекше. Әрине, әсіресе ұл баланың. Ұл бала әкемен неғұрлым көбірек уақыт өткізсе, келешегіне қажет дүниелерді одан үйренсе нағыз ер азамат болып өсері анық. Ер азаматтың жауапкершілігі үлкен, сол жауапкершілікті сезініп, бозбала кезінен әкеден бала тек жақсы, саналы үлгі алуы керек. Баланы жастайынан еңбекке баулып, өмірдің түрлі сынақтарына төзімді болып, мүдірмеу өтуге де үйрететін басты адам ол – әке. Әке – бала үшін қорғаны, жанашыры, қолдаушысы,

қорғаушысы. Әке мен баланың арасында осындай тығыз қарым-қатынас болуы қажет. Бала әкені қас-қабағынан ұғып, ымынан түсінуі маңызды. Ол әкеге деген құрмет, сыйластық. Ата-ана бала үшін тілекші әрі тіреу. Мейлінше жұмыстан бос уақытты отбасымен өткізген абзал. Саналы қарым - қатынас орнаған отбасында әрдайым береке – бірлік болады.

**Данияр АХМОЛДАЕВ,
Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп гимназия директоры.**

Тәртіпті оқушы – мектептің айнасы



«Заң мен тәртіп» идеологиясы аясында өскелең ұрпақтың құқықтық мәдениетін арттыру, оқушылар арасында тәртіп пен жауапкершілік ұғымдарын терең қалыптастыру мақсатында «Тәртіпті оқушы – мектептің айнасы» тақырыбында мазмұнды кездесу өтті.

Маңызды іс-шараға аудан әкімінің орынбасары Бекзат Ермұханбетов, аудан прокурорының орынбасары Арнұр Жұмабеков, аудандық полиция бөлімінің басшысы Дидар Базарбаев, аудандық білім бөлімінің басшысы Айдынбек Жексенбаев, орталық аудандық аурухананың бас дәрігері Байқадам Құрымбай, сондай-ақ облыстық мәслихат депутаты Данияр Ахмолдаев қатысып, жасөспірімдермен ашық әрі мазмұнды сұхбат жүргізді.

Кездесу барысында қонақтар оқушыларға заң талаптарын сақтаудың маңыздылығын, тәртіп бұзушылықтың қоғамға және жеке тұлғаға тигізетін кері әсерін кеңінен түсіндірді. Әсіресе жасөспірімдер арасында жиі кездесетін құқық бұзушылық түрлері, олардың заң алдындағы жауапкершілігі, сондай-ақ мұндай әрекеттердің болашаққа тигізер салдары нақты мысалдар арқылы баяндалды.

Сонымен қатар, мектеп – білім мен тәрбие ордасы ғана емес, оқушының мінез-құлқы мен мәдениетін қалыптастыратын орта екені атап өтілді. «Тәртіпті оқушы – мектептің айнасы» екені айтылып, әрбір шәкірттің жүріс-тұрысы мен іс-әрекеті білім ордасының абыройын айқындайтынына ерекше назар аударылды. Қонақтар жастарды заңға құрметпен қарауға, өз құқықтары мен міндеттерін жетік білуге, салауатты өмір салтын ұстануға шақырды.

Кездесу ашық диалог форматында өтіп, оқушылар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, сала мамандарынан тұшымды әрі нақты жауаптар алды. Мұндай еркін пікір алмасу оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып қана қоймай, заң өкілдеріне деген сенімді нығайта түсті.

Тағылымы мол іс-шара аудан өнерпаздарының әсерлі өнер көрсетуімен қорытындыланды. Өн мен күйге ұласқан мәдени бағдарлама кездесуге қатысушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлап, тәрбиелік мәні зор жиынның мазмұнын толықтыра түсті.

**Балғын ТІЛЕУБЕРГЕНОВА,
"JETISY JASTARY" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің филиалы "AQSU JASTARY" - ның жетекшісі.**

ҮЙ САТЫЛАДЫ

Алтынарық ауылындағы Жеңіс көшесі, №8 үй сатылады. Бағасы келісімді. 8-705-126-68-76 телефон нөмеріне хабарлассаңыздар болады.

АҚСУ АУДАНЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

«Жетісу облысында 2026 жылдың 12 қаңтарынан бастап «Ауыл аманаты» мемлекеттік бағдарламасы аясында шағын несие алуға өтінімдерді қабылдау қайта басталды. Бағдарлама ауылдық кәсіпкерлікті дамытуға, ауыл халқының табысын арттыруға және ауылдық жерлерде кооперацияны қолдауға бағытталған. «Ауыл аманаты» бағдарламасы шеңберінде өтінімдерді қабылдау 2025 жылға арналған республикалық бюджеттен бөлінген

қаражат шегінде жүзеге асырылады. Өтінімдер ауыл шаруашылығы жобалары мен қайта өңдеу бағыттары бойынша қабылданады.

Сонымен қатар, Ережеде белгіленген лимиттің орындалуына байланысты мал шаруашылығы бағыты бойынша өтінімдер қабылданбайды. Өтінімдер amanatnesie.kz портал арқылы электрондық форматта қабылданаын болады.

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ ТУРИЗМ БӨЛІМІ.

"SENIM" СТОМАТОЛОГИЯЛЫҚ КЛИНИКАСЫ АШЫЛДЫ!



Ауыртпай емдейміз — қорықпай келіңіз!
Тіс емдеу, жұлу
Тіс протездеу
Қолжетімді баға
Тәжірибелі мамандар
Алдын ала жазылу

Жансүгіров ауылы
Жансүгірова көшесі, 1Е
Тел.: +7 771 167 76 66.

АҚСУ Өңірі

**ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ 2026 ЖЫЛҒА
ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!**

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық "Қазпошта" байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар.

"Ақсу өңірі" газетіне 1 жылдық жазылу бағасы - 5672 теңге және жарты жылға 2836 теңге.

Газет индексі: 65750

БАСПАСӨЗ - 2026

"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті
Құрылтайшы, директор - бас редакторының міндетін уақытша атқарушысы
СЫМХАНОВ ЕРБОЛ ӘБДІКӘРІМҰЛЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күәлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде
Тапсырыс 488
Осы шығарылымның таралымы 2510

Директор - бас редактор - 2-12-90, жауапты хатшы - 2-12-90.
Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz
Индекс: 65750
Офсеттік басылым көлемі 26 т.